

Андатпа

Дипломдық жобаның тақырыбы: «FIRST agency» ЖШС компаниясы үшін ақпараттық жүйені әзірлеу. Осы дипломдық жұмыстың мақсаты - «FIRST agency» ЖШС агенттігінің сыртқы жарнама бөлімі үшін web-сайтты әзірлеу. Web-сайтты жүзеге асыру жаңа клиенттерді тартуға, сәйкесінше, компанияның табысын арттыруға көмектеседі. Бұдан басқа, мұндай web-сайт әлеуетті клиенттерге компания туралы барлық қажетті ақпаратты ұсынады, сонымен қатар оның қызметкерлерімен ең қысқа мерзім ішінде байланысу мүмкіндігін береді, бұл өз кезегінде аталған агенттіктің жұмысын барынша жылдамдатады және автоматтандырады.

Дипломдық жұмыс келесі ақпаратты қамтиды: қолданыстағы ақпараттық жүйелерді талдау, міндеттерді қою, web-сайтты әзірлеу кезеңдері, әзірленген web-сайт, компанияда web-сайтты қолданған кездегі еңбек жағдайлары және әзірленген бағдарламалық өнімнің экономикалық аспектілері.